


ДЕРБІСАЛЫ БАТЫР

XVIII ғасырдағы аласапыран жаугершілік заманда басын бәйгеге тігіп елімен жерін жоңғар шапқыншылығынан азат еткен, батыр бабаларымыздың бірі - Дербісалы Айдаболұлы. Батыр Әбілмәмбетхан мен Абылай сұлтанның туыстасы, айтулы қолбасшыларының бірі болған.

Туғанына 300 жыл толып отырған Дебекеннің нақты өмір деректері көмескіленген, істері аңызға айналған.

Қаракесек Сарым руының ата қонысы ауданымыздың бірнеше ауылдың округтерін, көрші Ақтоғай ауданының біраз жерін алып жатыр. Батыр баба-



мыз Сарымның тоқсан тармағынан шыққан, әкесі Айдаболдың үлкен баласы, өзінен кейін Шуаш, Шәндіген, Маман, Кенжебайлар туған. Бұлардың бәрінен қазір ұрпақ бар.

Ұзақ жасаған Дебекен өмірінің тең жартысын ат үстінде жаугершілікпен өткізген. Жоңғар басқыншыларымен арқада болған барлық ұрыстарға қатысқан, әйгілі Алакөл шайқасының қаһарманы болған.

Батыр туралы мәліметтер тарихи романдарда, халық ақындарының дастандарында кездеседі.

Дербісалы жекпе-жектің батыры болған, ал жекпе-жекке шығу батырдың батырының жүрегі дауалайтын іс.

Бір шайқаста Дебекен қалмақ батырымен жекпе-жекке шығып қалады. Қазақ жасақтары жылқы алуға келген қалмақтардың бетін қайтарып кері қашырғанда жаңағы қалмақ батыры қашпай, Дебекенмен айқаса кеткен ғой. Ұзақ арпалыста шоқпарлары сынып қол айқаста Дебекен қапысын тауып жауын шықшыттан ұрып құлатады.

Аттан құлаған қалмақты байлап алып ханға алып келіпті. Дербісалымен алысқан жаңағы дәу қалмақтың бас батырларының бірі, түмен басы екен. Сонда Абылай «қалмақтың он мың басын ұрып жыққан Дербісал сен бүгіннен бастап мың басысың» деген екен. Айтқандай Дебекен ұзақ жылдар қол бастаған, жасағымен қазақ жерін азат ету

соғыстарына да қатысқан. Оны мынандай аңыз айғақтайды.

Шегінген жау, сауға сұрап сұлу қызды жасауымен, ақ боз үймен жұртына тастаған. Жаудан түскен олжа тәртіп бойынша бас қолбасшының өмірімен бөлінген. Алайда Дебекен сұлу қызды өзі алған, мұны естіген Абылай батырға қатты шүйліккен, араларына салқындық орнаған. Мұның өзі батырдың тарихта ауызға алына бермеуіне әкеліп соққан.

Дегенмен кейін тіл табысып батыр өз елінің басшысы, ақылманы болып өле-өлгенше ханның да, қараның да құрметіне бөленіп өткен. Ата қонысын жаудан тазартып, енше заман жаугершіліктен шаршаған елін Нұраталды және Шерубай-Нұра өзендерінің бойына орнықтырады.

Дебекеннің үш әйелінен үл көріп, соның қазір сегізінен ұрпақ өрбіген.

Осы күнге Қармыс, Құттыбай, Шопа елді-мекендері батырдың балалары мен немерелерінің отырған жері, солардың аттары. Дербі-

салыдан тараған ұрпақ 7-8 ші атада тұр. Батырдың басына бұдан 2 ғасыр бұрын салынған бейіт әбден тозып, орыны ғана қалған. Дебекен бабаның ұстаған қылышы сақталған. Қылыш атадан балаға ең қастерлі зат ретінде ауысып келеді.

Батырдың атында Красная Поляна ауылдық округінде бұрын совхоздың бөлімшесі болған шағын ауыл ғана бар. Қазақ жерін жанын сала қорғаған Дебекен атына Қарлағтан қалған ескерткіштей болып жеткен, ешқандай тарихи мәні жоқ Красная Поляна ауыл округінің атауын берсе тарихи әділеттілік орнағаны емес пе!

Келешекте батыр атындағы округ орталығында оның ескерткішін орнатып, маңайын безендіріп жастардың баратын, гүл қойып тәу ететін орнына айналса құба-құп болар еді.

Бұл игі іс республикалық мәдени мұра бағдарламасының бір парағы болып, 80 жылдығы тойланғалы отырған аудан тарихына тартылған жаңалық болатын сияқты.

Бір қуанарлығы осы қозғалысты ауылдық округтің халқы және басқа ұлт өкілдері қолдап отыр, ал ұрпақтары болса батырдың мазарында жаңалауды, ескерткішін қоюды қолға алуға әзір.

Гулмира
ҚҰЛСАРЫҚЫЗЫ,
Дербісалы батырдың
ұрпағы.